

Музыка жетекшісінің 2024 - 2025 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : «Нурлы шын» ЖШС балабақшасы

Топ : «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың күрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кыргүйек	Музыка	<p>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру;</p> <p>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</p> <p>- көркемдік қабылдауды дамыту, балаларды бейнелеу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу;</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажыратада білу.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғагына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>